

Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкіл бекіткен
«14» наурыз 2016 жыл

**Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын
қорғау жөніндегі уәкіл аппараты туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты туралы осы Ереже (әрі қарай - Ереже) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының (бұдан әрі - аппарат) мәртебесін, оның жұмыс тәртібі мен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (әрі қарай – Ұлттық палата), облыстық кәсіпкерлерінің және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың палаталарымен (әрі қарай – Өңірлік палата), кез келген меншік нысанындағы басқа да жеке тұлғалар және ұйымдармен өзара қарым-қатынасын белгілейді.

2. Аппарат Ұлттық палата мен Өңірлік палаталардың құрылымдық бөлімшелерінен тұрады, олар өздеріне артылған міндеттер мен функцияларына қатысты Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің (әрі қарай – Бизнес-омбудсмен) қызметін қамтамасыз етеді.

3. Бизнес-омбудсмен Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен осы лауазымға тағайындалған тұлға. Ол мемлекеттік органдарда кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ кәсіпкерлік қоғамдастықтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз етеді және қорғайды.

Бизнес-омбудсмен Ұлттық палатаның жүйесіне кіреді және Ұлттық палатамен еңбек қатынасында.

4. Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, объективтілігі және жариялылығы бойынша заңдылық қағидатын басшылыққа ала отырып, Аппарат өз жұмысы барысында Бизнес-омбудсменге есеп береді.

Аппараттың құрылымын, санын және дербес құрамын Бизнес-омбудсменмен кеңесе отырып, Ұлттық палата басқармасы бекітеді.

II. Аппараттың міндеті, құрылымы және оның қызметін ұйымдастыру

5. Аппараттың негізгі міндеті Бизнес-омбудсменнің ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және өзге де қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

6. Аппараттың міндеті:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге де органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен шетелдерде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ұсыну және қамтамасыз ету;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарау;

3) мемлекеттік органдарға (лауазымды тұлғаларға) олардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, бұзылған құқықты қалпына келтіру шараларына қатысты ұсыныс жіберу, сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс жіберу;

4) мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда, кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді одан әрі жалғастыру мақсатында прокуратура органдарына өтінішхат жіберу;

5) мемлекеттік органдардан кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты ақпараттарды, құжаттар мен материалдарды сұрату;

6) кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін басқа да заңды шараларды қабылдау.

7. Аппарат Бизнес-омбудсменнің Ұлттық палатамен және Ұлттық палатаның жүйесіне Ұлттық палатаның ішкі құжаттарында белгілеген тәртіппен кіретін ұйымдармен өзара әрекетін қамтамасыз етеді.

8. Аппараттың құрамы:

1) Ұлттық палатаның бизнесті құқықтық қорғау желісі бойынша Ұлттық палатаның басқарма мүшесі, лауазымы бойынша;

2) Ұлттық палатаның Кәсіпкерлерді құқықтық қорғау департаменті;

3) Ұлттық палатаның Қоғамдық мониторинг және әкімшілік кедергілермен жұмыс департаменті;

4) Құқықтық мәселелер бойынша Өңірлік палата директорларының орынбасарлары, лауазымы бойынша;

5) Өңірлік палаталардың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімдері.

9. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының басшысы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма мүшесі болып табылады, ол Ұлттық палатаның бизнесті құқықтық қорғау желісі қызметіне жетекшілік етуші, лауазымы бойынша.

10. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының басшысы аппаратты тікелей басқарады, Аппаратқа жүктелген міндеттерді атқару бойынша дербес жауапкершілікті мойнына алады.

11. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты басшысының орынбасарлары - Ұлттық палатаның құқықтық қорғау департаментінің және қоғамдық мониторинг және әкімшілік кедергілермен жұмыс департаментінің директорлары, лауазымы бойынша.

12. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының облыстар және Алматы және Астана қалалары бойынша секторларының меңгерушілері тиісті Өңірлік палаталардың құқықтық мәселелер бойынша орынбасарлары болып табылады, лауазымы бойынша.

13. Аппарат басшысының, басшы орынбасарының, облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты секторларының меңгерушілерінің функционалдық міндеттері Ұлттық палата мен Өңірлік палаталардың тиісті ішкі құжаттарымен анықталады.

III. Бизнес-омбудсменнің атына түскен өтініштерді қарау тәртібі

14. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін Аппарат отыз күн ішінде қарайды.

15. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай болмаған жағдайда қаралмайды, бұл жайында арыз берушіге жазбаша түрде хабарлама жіберіледі.

16. Ұлттық палатаның атына түскен және Бизнес-омбудсмен қарауы тиіс өтініштерді Ұлттық палата кеңсесі Ұлттық палатаның ішкі құжаттары бекіткен тәртіпте Аппаратқа жібереді.

17. Бизнес-омбудсменнің атына келіп түскен өтініштерді қарау уақыты қажет болған жағдайда ұзартылады, атқарылып жатқан жұмыстар жайында арыз берушіге міндетті түрде хабар беріледі.

18. Өтініштерді қарау уақытын ұзарту, өтінімдерді уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберу, арыз берушіні өтінішті қарау барысы туралы хабардар ету, Ұлттық палатаның орталық аппаратындағы құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас регламенті бойынша жүзеге асырылады.

IV. Қорытынды ережелер

19. Аппарат қызмет барысында пайдаланатын бланкілерді қатаң есеппен қолданады.

20. Бизнес-омбудсмен сараптама және өкілдік функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық өкілдерді аумақтық және салалық негізде Ұлттық палата белгілеген тәртіпте тартуға құқылы.

21. Аппараттың қызметін қаржылық қолдау Ұлттық палатаның бекітілген бюджетіне сәйкес жүзеге асырылады.